**Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебі бойынша**
**Қамқоршылық кеңесі отырысының**
**ХАТТАМАСЫ №2**

**Өткізілген уақыты: 05.12.2023**
**Қатысқандар:** қамқоршылық кеңестің 9 мүшесі, мектеп директорының ТІЖО, әлеуметтік педагог

**Күн тәртібінде:**
1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары.
2. Әлеуметтік жағдайы әр түрлі деңгейдегі отбасы балаларына көмек көрсету,жаңа жыл мерекесінде сыйлықтар беру мақсатында іс-шара ұйымдастыру

**Тыңдалды:**
**Бірінші мәселе бойынша** мектеп директорының ТІЖО А.Т.Сейтенова сөз сөйледі. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру мақсатында жоспар құрылып , бекітілді. Ата-аналар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Сынып жетекшілер мен ата -аналар тығыз байланыста. Мектебімізде осы кезге дейін тәртіпбұзушылық орын алған жоқ. Каникул кезінде көшеге түнгі рейд жүргізіліп отыру керектігі туралы айтып кетті.

**Екінші мәселе бойынша** мектептің әлеуметтік педагогі С.Л.Қыдырбаева әлеуметтік жағдайы әр түрлі деңгейдегі отбасы балаларына көмек көрсету,жаңа жыл мерекесінде сыйлықтар беру мақсатында іс-шара ұйымдастыру қажеттігіне тоқталды.

**Шешім:**
1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары, каникул кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруды қадағалау қамқоршылық кеңес мүшелеріне және мектеп әкімшілігіне міндеттелсін.
2. Мектептің әлеуметтік педагогі С.Л.Қыдырбаева әлеуметтік жағдайы әр түрлі деңгейдегі отбасы балаларына жаңа жыл мерекесінде сыйлықтар беру мақсатында іс-шара ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Е.Р.Карабалин

Хатшы: Г.Қ.Дәрібаева